

## Қоғам, Бұланды, Қарағай, Қаратал, Мақпал және Дача селоларының көшелеріне атаулар беру туралы

Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы Макин ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 1 шешімі. Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 22 қыркүйекте № 1-10-102 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14-бабының 4-тармақшасына және Дача селосы тұрғындары жиынының 2009 жылғы 20 қаңтардағы № 08 хаттамасын, Қаратал селосы тұрғындары жиынының 2009 жылғы 20 қаңтардағы № 09 хаттамасын, Мақпал селосы тұрғындары жиынының 2009 жылғы 2 сәуірдегі № 10 хаттамасын, Қоғам селосы тұрғындары жиынының 2009 жылғы 21 сәуірдегі № 12 хаттамасын, Қарағай селосы тұрғындары жиынының 2009 жылғы 21 сәуірдегі № 13 хаттамасын және Бұланды селосы тұрғындары жиынының 2009 жылғы 21 сәуірдегі № 14 хаттамасын есепке ала отырып, Макин ауылдық округінің әкімі

### ШЕШІМ

### ЕТТІ:

1. Қоғам, Бұланды, Қарағай, Қаратал, Мақпал және Дача селоларының көшелеріне төмендегідей атаулар берілсін:

- 1) Д а ч а с е л о с ы н д а :  
№ 1 көшесіне – «Лесная» атауы берілсін;
- 2) Қ а р а т а л с е л о с ы н д а :  
№ 1 көшесіне – «Кеңесары» атауы,  
№ 2 көшесіне – «Мағжан Жұмабаев» атауы;
- 3) М а қ п а л с е л о с ы н д а :  
№ 1 көшесіне – «Жаңаталап» атауы,  
№ 2 көшесіне – «Бейбітшілік» атауы,  
№ 3 көшесіне – «Орталық» атауы,  
№ 4 көшесіне - «Қарағайлы» атауы;
- 4) Қ о ғ а м с е л о с ы н д а :  
№ 1 көшесіне – «Мәлік Ғабдуллин» атауы,  
№ 2 көшесіне – «Марал Ишан баба» атауы,  
№ 3 көшесіне – «Төле би» атауы,  
№ 4 көшесіне – «Ыбырай Алтынсарин» атауы,  
№ 5 көшесіне - «Ақан сері» атауы;

5) Қарағай селосында:  
№ 1 көшесіне – «Диірмен» атауы;

6) Бұланды селосында:  
№ 1 көшесіне – «Бауыржан Момышұлы» атауы,  
№ 2 көшесіне - «Дінмұхамед Қонаев» атауы,  
№ 3 көшесіне – «Әбілқайыр Досов» атауы,  
№ 4 көшесіне – «Жамбыл Жабаев» атауы.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Еңбекшілдер ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Макин ауылдық округінің әкімі* *А.Жүзбаев*

**КЕЛІСІЛДІ:**

*Еңбекшілдер ауданының «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы* *А.Қ.Ахметова*

*Еңбекшілдер ауданының «Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы* *Г.Т.Жақыпова*